

Ергөбек Ш.К., Алтаева К.Ж.

Бұқар жыраудың саяси және құқықтық ойларындағы ұлт-азаттық және бірлік идеялары

Мақалада Жоңғар шапқыншылығы дәуіріндегі белгілі мемлекет қайраткері болған Бұқар жыраудың саяси-құқықтық ойлары қарастырылған. Жоңғар шапқыншылығына қарсы күрес ұлттың бірігуі, билікті орталықтандыру идеяларының өкрендеуіне жол ашты. Ресей, Қытай секілді көрші елдердің саясаты ұлттың азаттығына қауіп төніп тұрғандығын түсінген жырау бірлік пен тұрақтылық азаттықты сақтаудың негізгі кепілі деп қарастырады. Жырау бұл үшін дәстүрлі құндылықтарға арқа сүйеп, ұлттың күшті өз бойынан жинауын талап етеді.

Түйін сөздер: монархизм, билікті орталықтандыру, еркіндік, еріктілік, тәуелсіздік, бірлік.

Yergobek Sh.K., Altayeva K.J.

The idea of independence and unity in the political and legal views of Buhar zhyrau

Article is devoted to the political and legal views of the famous statesman during the Jungar invasion Buhar zhyrau. Fighting Dzungar invasion opened the development of ideas of national unity, the concentration of power. Considering that the policy of the neighboring countries in the face of China and Russia threatening the country's independence, he saw the foundation to ensure the independence in unity and stability. Zhyrau sees the solution to the problems of his era to strengthen traditional values and finding strength within themselves.

Key words: monarchism, the concentration of power, freedom, the will, independence, unity.

Ергөбек Ш.К., Алтаева К.Ж.

Идеи независимости и единства в политических и правовых взглядах Бухар жырау

Статья посвящена политико-правовым взглядам известного государственного деятеля в период Джунгарского нашествия Бухар жырау. Борьба с Джунгарским нашествием открыло развитию идей единства нации, концентрации власти. Считаю что политика соседних стран в лице Китая и России опасной для независимости страны он видел основу обеспечения независимости в единстве и стабильности. Жырау видит решение проблем своей эпохи в укреплении традиционных устоев и поиске сил внутри себя.

Ключевые слова: монархизм, концентрация власти, свобода, воля, независимость, единство.

**БҰҚАР ЖЫРАУДЫҢ
САЯСИ ЖӘНЕ
ҚҰҚЫҚТЫҚ
ОЙЛАРЫНДАҒЫ
ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ЖӘНЕ
БІРЛІК ИДЕЯЛАРЫ**

Жоңғар шапқыншылығы Қазақ тарихының ең күрделі кезеңдерінің бірі. Тарихтың осы бір күрделі кезеңінде жыраулардың халық үні ретіндегі функциялары ерекше маңызға ие болды. Саяси ықпал ету аймағы кеңейген жыраулар хан ордасындағы кеңесшілерге, соғыс жағдайында батырлар серігіне айналды. Қазақ ауыз әдебиеті өкілдерінің бұл кезеңде көбеюі тарихи процестердің тереңдігін аңғартады. Халық қамы, Отан қамы жырауларды бей-жай қалдырмады. «Преобладающей тематикой всех жырау и акынов конца XVIII-первой половины XIX вв. было восхваление ханов и батыров, мужественно шедших в бой с сильными и коварными врагами. Это были стихи, воодушевлявшие народ на борьбу за свободу своей Родины, за честь и славу имени своих знаменитых предков» [1, 136 с.].

Жыраулар поэзиясын зерттеуде біз қоршаған орта мен шаруашылық жүргізу спецификасы және қазақ қоғамындағы идеалды қоғам түсінігінің өзгешелігінен шығуымыз қажет. «Көшпенді өмір салтында негізгі өндіріс тәсілі жермен байланысты болғандықтан Бұхар жырау айтқандай «Жерұйықты» табу келелі мәселе есебінде қойылған. Бұл байлықтың көзі болатын мал шаруашылығы, жайылым-шалғындар мен қыстаулардың ел өміріндегі айрықша орнын көрсетеді» [2, 188 б.].

Бұқар жырау Қазақстан тарихындағы белді тұлға. Абылай ханның тұсында ықпалы жағынан көп сұлтандардан күшті болған Бұқар өзінің қарапайымдылығымен белгілі. Бұқар жырау да Абылай секілді қиын-қыстау заманда өмір сүріп, ханның бас идеологы қызметін атқарды. Ақын жоңғар шапқыншылығына қарсы қойылатын жалғыз қарудың бірлік екендігін түсінді, халықты үгіттеуін қоймады. Қаталдыққа бейім Абылайдың шектен шыққандығын айтатын жалғыз Бұқар еді. «Бухар-жырау (1668-1781 гг.) – придворный поэт ханов. До 1718 года находился в свите хана Тауке, затем после долгих лет лишения и скитаний по казахским степям нашел себе пристанище при дворе хана Аблая.

По статусу придворного певца он должен был восхвалять ханов и его окружение. Но его мудрость и хорошее знание жизни вывели его творчество за пределы исключительных интересов ханского двора. Он рассуждает свободно и широко. Тема восхваления ханов остается у него своеобразным заслоном,

ширмой или, скорее всего, фоном, за которым разворачивается богатейшая сцена его содержательных философских идей» [1, 141-142 с.].

Отаршылдық езгідегі халқының негізгі жауы өз ішінде екендігін ашық айтқан Бұқар оның негізгі себебі ауызбіршіліктің болмауы мен артта қалушылықта деп болжады. Жалпы қазақ қоғамында болып жатқан өзгерістер Бұқарды бейжай қалдырмайды. Тәуке ханның тұсында бас кеңесші болған Бұқардың негізгі ойы халық қамы. Іргелі мемлекеттің ыдырауы мен Жоңғар шапқыншылығын көрген ақынды толыққанды сарай ақыны деп емес, бұхара халықтың сарайдағы өкілі ретінде қарастыру дұрысырақ секілді. Ойшылдың негізгі ойы - халық билігіне сүйенген іргелі мемлекет пен әдет-ғұрып нормаларына негізделген құқықтық жүйені кемелдендіру. Тәуке хан өлімінен кейінгі өмірі айтарлықтай кедейшілікте өткен Бұқардың мал үшін жанын жалдап, хандарға жағымды би болуға тырыспағандығы байқалады. Жыраудың басты мақсаты – елдің амандығы, бейбіт өмір, тыныш тұрмысты тілеу.

Жоңғар шапқыншылығына қарсы күрестің басты идеологтарының біріне айналған Бұқар, бұл соғыста Қазақ халқының сөзсіз жеңіске жететіндігін біледі. Оны аңсай жырлайды. Әрине соғыс Бұқар табиғатына жат. Қазақ халқының күші оның батырларында. Оған жыраудың төмендегі жыр жолдары мысал бола алады:

«Тында мені, ерлерім,
Жау аса алмас белдерім!
Ердің қанын қанмен жу,
Сендер едің сенгенім.
Жолдарың болар жорықта,
Тыю болар зорлыққа.
Өзі тиген өкінбес,
Күш жұмсаған қорлыққа» [3, 64-65 б.].

Бұқар тек адал соғысты ақтайды. Ұлт азаттығы үшін әскердің негізгі сегменті батырлардың рөлі маңызды. Жырау поэзиясындағы осы ойлар мен Монтескьенің ойларының арасында тығыз байланыс бар. Құқықтың негізгі принциптерін айқындап, қазіргі мемлекеттік жүйенің негізгі институттарын айқындаған философ пен жырау поэзиясындағы ойлардың байланысы қазақ құқығының даму деңгейін айқындауда маңызы зор. «Мемлекеттің өмірі адамның өмірі тәрізді. Адамның өзін-өзі қорғау мақсатында өлтіруге құқы бар; мемлекеттер өзін-өзі сақтап қалу мақсатымен соғыс жүргізуге құқылы.

Қорғанудың табиғи қажеттілігі жағдайында менің өлтіру құқым бар, себебі менің өмірім менің өзіме тиесілі, ал маған қауіп төндіруші-

нің өмірі оның өзіне тиесілі; сол сияқты, мемлекеттің де соғыс жүргізу құқы бар, өйткені оның өзін-өзі қорғауы өзін-өзі қорғаудың өзге түрлерімен де бірдей» [4, 161 б.].

Бұқар жыраудың да халықаралық құқықтың негізгі принциптері болып табылатын күш қолданбау, күш қолданамын деп үркітпеу, ұлттың өзін-өзі қорғау және өз болашағын өзі таңдау құқығына, тағы басқа да нормаларға арқа сүйегенін байқаймыз.

Сондай-ақ, Бұқардың таллион принципіне жақын екендігін мойындау қажет. Мұндағы «ердің қанын қанмен жу» сөзінің өзі, жыраудың дала әділдігі принциптерін қолдайтындығын аңғартады. Бұл тұжырымға әлде де скепсиспен қарау қажеттілігі бар. Өйткені ашынған Бұқар, бұл принципті жауға қарсы қолдануды ұсынады. Оның үстіне агрессияшыл мемлекетке қарсы қолданған әдістерінің барлығы дерлік бүгінгі халықаралық құқық нормаларына сәйкес келетіндігін аңғарамыз. Демек, Қазақ хандығында халықаралық құқық нормалары болмаған, жабайы халық деген тұжырымның орынсыз екендігі ақиқат.

Ішкі құқық пен саясаттың ең маңызды міндеті ынтымақ пен бірлікке тәрбиелеу екендігін ескерсек, Бұқардың негізгі ойлары осы саланы кеңінен қамтитындығы сезіледі.

«Сірә, бір кеңес құрыңыз,
Бірауыздан болыңыз.
Айнала алмай ат өлсін,
Айыра алмай жат өлсін,
Жат бойынан түнілсін
Бәріңіз бір енеден туғандай болыңыз.
Рулының оғы қалса табылар,
Жалғыздың тартатұғын
жағы қалса табылмас [5, 164 б.], –

дей отырып, қазақтың арқа сүйер батырларына:

«Қарақабан Бөгембай,
Қайтпа жаудан кек алмай.
Ерім өлді арманда
Сапарынан келе алмай» [3, 65 б.],

– деп Жасыбай батыр үшін кек алуды тапсырады. Бұл өлең жолдарында терең философиялық ой жатыр. Әрбір қазақтың қасиетті борышы Отанын қорғау екендігін баса қадап айтқан, тек өзінің ата-аналық құқығына емес, Жер Ананың аналық құқығына иек артады. Бұқар үшін маңыздысы Жасыбай батыр үшін кек алу ғана емес, батырлардың намысын ояту, қайрау.

Бұқардың ұстанған келесі принципі де бүгінгі халықаралық әскери құқықтың негізі екендігін ескерейік. Ол өз сөзінде:

«Жазықсыз елді күйдірме,
Қанішер тартсын жазасын.
Ел шаруасын бүлдірме,
Қайтарар бір азасын.
Хан ордасын талқанда,
Ер екен деп қарасын.
Қатыгез жауды шауып ал,
Ел екен деп санасын» [3, 65 б.].

Бұқар жыраудың бұл өлең жолдары халықаралық гуманитарлық құқықтың негізгі принципі ретінде белгіленген. Қару ұстамаған адамға күш көрсетпеу принципі мен комбатанттармен ғана соғысу, мәдени, экономикалық объектілердің жойылуына жол бермеу, т.б. қазақ өркениетіндегі құқық нормаларының өз уақыты үшін озық принциптерге негізделгендігінің бірден бір көрсеткіші, жырау ойының ұшқырлығы, гуманизмнің жоғарғы мәдениеті деп қарастыруға болады. «Комбатанты – это лица, ведущие боевые действия против неприятельских войск с оружием в руках в составе вооруженных сил одной из воюющих сторон» [6, 379 с.].

Бұқар – гуманист адам. Ол дағдарыс пен халықаралық жанжалдардың негізгі себепкері билеушілердің арасындағы қақтығыс екендігін, бұл үшін қарапайым халық жаза тартпауы керектігін айтады. Бейбіт өмір халықтар арасында өзара достық орнағанда ғана болуы мүмкін. Бейбіт өмірге баға жетпейді. Бейбітшілікті сақтау үшін жырау Абылайға әйелді де қалмақтан алуды ұсынады.

«Абылайымсың алқатқан,
Отының болсын жантақтан.
Қатының болсын қалмақтан,
Қосының болсын қазақтан!» [7, 46 б.].

Елдегі бейбіт өмір үшін хан белгілі шығындарға немесе шектеулерге бару керек. Қаламағанның өзінде де қыз алысып, қыз берісу көшпенді халықтардың арасында ежелден келе жатқан дипломатиялық әдіс. Абылай осы әдісті қолданар болса, бұл халықтар арасындағы достыққа әкеліп, бейбітшілік орнауы мүмкін. Бұқар үшін бұдан артық ештеңе жоқ. Тіпті, бұрынғы кегін ұмытуға да дайын. Бірақ, кәрі жаудың тұрақсыздығын білетін жырау, әскерді әрқашанда жоғары дайындықта ұстау керек екендігін ескертеді. Бейбітшілік орнағаннан кейін де, әскерге көп мән беруді ұмытпай, оның негізгі құрамы қазақ қосындарынан болуы керек деп толғайды жырау.

Мәселе, биліктің негізгі қайнар көзі халық емес, билеушілер, онда неге дұрыс жүргізілмеген саясаттан халық жапа шегуі керек. Жалпы

Бұқар хандық биліктен басқа билік түрін көрмеген, олар туралы жеткілікті ақпараты болмағандықтан, хандық принциптерді қолдайды. Алайда, жырау ең негізгі проблеманың шексіз биліктен туындайтындығын аңғарған. Сондықтан ол абсолютті, авторитарлы, деспотиялы билік құрған Абылайға сөзін өткізіп, тежеу салып отырған.

Бұқар Абылай мақсаттарының ұраншысы болды. Екеуін бір мақсат біріктірді. Ол – халық бірлігі идеясы. Алайда Абылайдың осы мақсатқа жету үшін қолданған әдістерінің принципсіздігін көрген жырау бұл мақсатқа жетудің басқаша да бейбіт жолдары бар екендігін ескертеді.

Хан өз билігін нығайту мақсатында ру мен рудың арасына іріткі тастап, кең күш қолдану әдістеріне сүйенген. Бұған Бұқар қарсы шығып, халық пен рубасыларға сөзбен ықпал етуге болады дейді. Абылай саясатын қолдамай үдере көшкен Садыр батырға Бұқардың айтқан сөзі осы пікірді дәлелдейді. Хан ордасына Садыр көшті деген жаңалық жеткен кезде, Абылай дереу әскер жинап көшті күшпен тоқтатпақ болады. Бұқар ханнан алға озып көшті күш қолданбастан тоқтатуға тырысатындығын айтады. Алға шыққан жырау:

«Садыр, қайда барасың,
Сарысуды көбелеп?
Сен қашсаң да мен қойман,
Арғымағым жебелеп.
Енді алдыңнан шығайын
Қар, жаңбырдай себелеп.
Ақмырзамды өлтірдің,
Ақ сойылмен төбелеп.
Уа, сен танымай кетіп барамысың?
Мен арғын деген арыспын,
Азуы кере қарыспын.
Сен бұзау терісі шөніксің,
Мен өгіз терісі талыспын» [8, 89 б.], –

деп Абылай алдында өлімге жауап бермей, құн дауы шешілмей ешқайда кете алмайтындығын айтады. Ал кетіп қалған жағдайда «сені кез-келген жерден тауып аламын, жағдайың қиын болады» – деп ескертеді. Сескенген Садыр тоқтап, Абылайдың қол астында қалады, ел бірлігінің шырқын бұзбайды.

Бұл – Бұқар жыраудың ел бірлігі мен Абылай саясаты үшін сіңірген еңбегінің бір көрінісі ғана. Мұндай фактілер көптеп кездеседі. Мұндағы жыраудың ойы рудан құн талап ету емес, қазақтың қанын төкпей бірлігін сақтау. Абылайдың қол астына халықты біріктіру арқылы жауға тойтарыс беру. Ханның күш қолдануға деген ықыласы мен ынтасын тоқтату.

Жалпы Бұқар – гуманист ақын. Оның Абылай саясатын қолдауының өзі қызық. Жырау жоғарыда айтқанымыздай абсолютті билікке қарсы. Себебі Бұқар түсінгінде көп жағдайда халық мүдделері қорғалмайды. Ол билікті шектеу керектігін түсінді. Алайда оның ішінде дәстүршілдік те орын алды. Осы ойымызды тұжырымдай келе жырау үшін күшті мемлекет түсінігі, саясаттың негізі халық қамы болатын, белгілі бір шектеулері бар монархия идеясымен астасатынын аңғаруға болады.

Монархист Бұқар хандардың қасиеттілігіне сенеді. Халыққа өз билеушілеріне қарсы көтерілмеуді ұсынады. Мұндай көтерілістің аяғы жақсылықпен бітпейді.

«Жаулаған ханын кара оңбас,
Хан қисайса бәрі оңбас.
Ханын қалмақ жаулаған,
Сөйткен қалмақ оңбаған» [8, 87 б.], –

дейді жырау. Бірақ жырау үшін айқын нәрсе билеушінің жеке қасиеттері оның халық арасындағы ықпалын көрсетеді.

«Ашуланба, Абылай,
Ашулансаң Абылай,
Көтерермін, көнермін,
Көтеріп қазға салармын,
Өкпеңменен қабынба,
Өтіңменен жарылма» [8, 86 б.].

Бұл жыраудың Абылайға ескертуі. «Абылай қанша жерден хан болсаң да халқыңның қамын жеп, ойланбасаң нәтиже біреу ғана болады. Ол сенің биліктен таюың. Өзіңді мәңгі билеушімін деп ойлама, халықтан үлкен емессің, халқың қорған болмаса ешкімге керек емессің. Халқыңды пір тұт, халқыңның киесін түсін» - деген Бұқар өз жырларының бірінде:

«Абылай-ау, Абылай,
Момынға келіп бек болдың,
Атаңды білмес құл едің,
Атаңның тегін сұрасаң,
Арқар ұранды жат едің,
Қай жерінде төре едің?
Қарсы менен Құзарда,
Жалаң аяқ жар кешіп,
Бөз тоқыған сарт едің» [8, 85 б.], –

деп билеушісіне қиын-қыстау кезде қорған болған халық екендігін кесіп айтады. Өзінің де бұл қиындықтарды көргендігін, сондықтан қарапайым халық тіршілігінің ауырлығын еске салып отырған жырау Абылайды салиқалы саясатқа шақырады. Хан тек өз халқымен күшті.

Ал халық ханды қолдау арқылы өзінің қуатын көрсетеді. Момын халықты билеу оңай. Бірақ оны жанши берсең, момындықтың да шегі болады. Бұл тек Абылайға айтылған сөз емес. Кез келген билеуші өзінің табиғатында Абылай секілді қатыгез болады, – деп ойлайтын жырау, бұл мәселеде де халық қолдауына ие болмай, халықты момын санаудың қажетсіздігін айқындайды. «Мейірімділік – бұл монархтардың ерекше қасиеті. ... Үрей мен қорқыныш билеген деспоттық мемлекетте бұл қасиет өте сирек кездеседі, өйткені мұнда мемлекеттің жоғары лауазымды адамдарын қатандық үлгісінде тізгіндеп тұру қажет. Абырой басқаратын монархияларда оның өзі заңның тиым салатынын жиі керек ететіндіктен мейірімділіктің қажеті өте зор.

... Жоғары лауазымды адамдардың жағдайының нық еместігі деспоттық басқару табиғатына сәйкес, ал олардың қауіпсіздігі – монархия табиғатына сәйкес» [4, 115 б.].

Монархия өз принциптерінде деспотияға айналып кетпеуі керек. Жырау мен француз ойшылын жақындастыратын негіз осында. Кез келген билеуші өзінің саясатының негізі ретінде халық мүддесін қарастыруы керек.

«Жұлдызың туды-ау оныңнан,
Жан біткен еріп соңыңнан.
Он сан алаш баласын
Аузына құдай қаратып,
Жусатып және өргізіп,
Жұмсап бір тұрсың қолыңнан» [8, 85 б.], –

деу арқылы Абылай секілді адуынды билеушіге оң баға береді. «Абылай, сен халықты біріктірдің, мұныға алғыс. Алайда, билеуші қандай күшті болса да құдайшылығын ұмытпауы керек. Сені патша қылған халқың мен құдай. Сондықтан, масайрап жата бермей, халық мүддесі үшін жұмыс істе», – деп жауапкершілік артады кәрі жырау ханға.

Алайда жырау ханға үнемі оппозицияда болды деген пікір дұрыс болмас. Ол тек Абылайды халық қамын ойлауға шақырады:

«... Тостаған көзді торыны,
Топ тарқамай мін – сана!
Еліңнің қамын же – сана,
Есіліп кеңес айт – сана.
... Кең Абылай, кең ием!» [7, 54 б.] –

деп алқалайды. Алқалай отырып Абылайдан халықты айтарлықтай мүшкіл жағдайдан құтқаруды сұрайды. Негізгі мақсат халықтың өмірінің

жақсаруы екендігін түсінетін жырау бұл міндетті Абылайдың есіне салып отыр.

Өз заманының көреген тұлғасы Қазақ хандығының үстінен төніп тұрған отарлау қаупін сезді. Қауіп жырау үшін екі жақтан келіп отыр, біріншісі - орыстың аюы болса, екіншісі - Қытай айдаһары. Ол орыстардан қорқу керек деп есептейді. Ресей өзінің отарлау саясатында бытыраңқылық пен жемқорлықты пайдаланатындығын айтады. Сондықтан «іштен шыққан жау жаман» демекші ауыз бірлікті болып, қуатына сенген мемлекет қана өз мақсатына жететіндігі айқын. Оның үстіне жоғарыдағы империялардан күші әлсіз қазақтың ашық тайталасқа түспей, айла мен тәсілдер қолдануы керектігін айтады. Осыдан тұжырымдайтынымыз, мемлекеттік тәуелсіздік Бұқар үшін өмірлік маңызы бар қастерлі ұғым. Оны қорғап қалу маңызды. Алайда ол үшін бірлік болып, жемқорлық пен артта қалушылыққа қарсы күрес ашылуы қажет.

Тек күшті, модернизацияланған мемлекет қана өз тәуелсіздігін сақтап қала алады. Бұқар бұған жетудің амалдарының бірі ретінде отырықшы шаруашылыққа көшу, қала салу, саудамен айналысуды ұсынады. Бұқар жырау тарапынан Абылайға оппозиция тудыратын оның сыртқы саясаты да болатын.

Ханның жаугершілік саясаты өзінен күшті мемлекетке де бағытталып отырған. Емельян Пугачев көтерілісі Абылайға орыс қамалдарын алуға жаңа мүмкіндіктер тудырды. Мұны пайдаланған хан, қазақ әскерлерін Ресеймен соғысқа пайдалануға бел буады. Бұл ойды қазақ батырлары да қолдап, сұрақ шешімін тапқандай болады. Алайда Бұқар бұл шешімге үзілді - кесілді қарсы болады. Ханның тойымсыз сыртқы саясаты Орта Азияның әлсіз мемлекеттерімен соғыспен шектелмей, Ресей секілді қуатты империяға қарсы бағытталуы ел тәуелсіздігіне нұқсан келтіретіндігін айта келіп тоқтау салады:

«...Алмаған жауың қоймадың,
Алған сайын тоймадың.
Несібенді жаттан тіледің.
...Соғыспа деп жырлайды,
Бұқарекең кәріңіз,
Соғыссаң кетер сәңіңіз.
...Ашуланба, Абылай,
Өкпеңменен қабынба,
Өтіңменен жарылма,
Орыспенен соғысып,
Басына мұнша көтерген
Жұртыңа жаулық сағынба!
Күнде мендей жырлайтын,
Токсан үште қария,
Енді де саған табылмас» [8, 85-86 б.], –

дейді жырау. Бұған дейін жауласқан жаулардан әлде қайда күшті әскери дайындығы бар Ресеймен жауласудың аяғы тәуелсіздіктің жойылуына алып келуі мүмкін. Соғыс туралы шешім дұрыстап сараланып қабылдануы керек. Оны қабылдаудан бұрын жау мүмкіндіктері ескерілуі керек. Әрине, соғыс туралы шешімді бір адамның өз мүддесі үшін қабылдауы Бұқар жырауға ұнамайды. Егер, бұрын Абылайды тежеуші Бұқар болатын болса, кейін кім хан, сұлтандарды осындай асығыс шешімдерден қорғайды, олардың билігін кім тежейді? – деп ойланады 93 жасқа келген жырау.

Жыраудың ойы бойынша сыртқы саясаттың төресі бейбіт саясат болмақшы. Ол барлық халықтар үшін тиімді. Билеушілердің соғыс ашуы халық үшін өкінішке толы нәтижелерге алып келуі мүмкін. Сараланбаған, халық мүддесін ескермейтін сыртқы саясат, ең қасиетті түсінік - тәуелсіздіктің жоғалуына алып келуі мүмкін. Сондықтан халықты Отанынан айырмай, салықалы саясат ұстану арқылы ғана дұрыс нәтижеге қол жеткізуге болады.

Ханның менмендік дертімен кейде ауыратынын білген жырау ханды орнына қояды:

«Ханның жақсы болмағы-
Қарашының елдігі.
Қарашы халық сыйласа,
Алтыннан болар белдігі» [8, 91 б.], –

дейді жырау Абылайға. Хан билікке туғанынан қол жеткізген жоқ, тек халық қолдауының арқасында ғана үлкен жетістіктерге жетуге жол ашылады. Халық сеніміне ие бола алмаған билеуші ешқашан дұрыс хан бола алмайды. Биліктің қайнар көзін тек өзінде деп есептеген хан қателеседі, биліктің негізгі қайнар көзі халықтың қолында. Халқына адал ханға халық та сенім артады.

Жыраудың бұл ойы бүгінгі күнге дейін өз актуальдығын жоғалтқан жоқ. Жырау өзінің терең философиялық ойларында билеушіге тән ерекшеліктер мен қасиеттерді айқындауға тырысады. Хан өз халқының қамын ойлайтын тұлға болуы керек. Халық алдында беделді тұлғаны халық та, би-сұлтандар да билеуші деп мойындайды. Яғни, мұнда жырау ханды сайлау әдісін қолдайтындығын байқауға болады.

Жыраудың ойына сүйенер болсақ, ханның билігі шексіз болмауы керек. Оны шектейтін кеңесшілер мен басқа да ықпалды мемлекеттік орган болуы қажет. Сыртқы саясаты бейбітшілік пен тату көршілікке негізделген патша ғана өз халқын дұрыс жолмен алып жүре алады. Ханның негізгі мақсат-мүддесі ел бірлігін сақ-

тап қалу, бірліктің символына айналу. Хан сөзсіз әділетті болуы қажет. Әділетсіздік халық тарапынан наразылық туғызады, билеушіге деген сенімсіздікті күшейтеді. Билеушінің алдында барлық адам тең болуы керек. Яғни, құқық пен сот алдындағы теңдік қағидасын Бұқар жырау мемлекетке де кеңейтеді. Әрине, теңдіктің идеалды принцип екендігін мойындаған жырау, дәстүрлі ақсүйек өкілдерінің үстемдігін мойындауға мәжбүр.

Ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлер мен әдет-ғұрып нормаларын өзгерту қиынға соғатындығын ескерген жырау отырықшылық мәдениетке халықты баулуға тырысады. Бұқардың ойы бойынша Қазақ хандығының артта қалып, көршілес мемлекеттердің дамуының сыры отырықшылықта болып отыр. Оның үстіне нан еге алатын адамның табиғи катаклизмдерге төтеп беруі, мал шаруашылығына қарағанда жеңіл екендігін ойластырады. Қазақтың кедейлері үшін бұл тамаша мүмкіндік.

Бұқар жырау тағы бірде:

«Жиырма беске келгенде,
Бакыт берді басыңа,
Такты берді астыңа», – дей келіп,
«...Елу жасқа келгенде,
Үш жүздің баласының
Атының басын бір кезеңге тіредің» [8, 88 б.], –

деп толғайды. Бұл Абылайдың қызметінің маңыздылығын мойындау ғана емес, Қазақ халқының алдында тұрған өзгерістерді болжау екендігін аңғарамыз. Үш жүздің басы біріксе жаман емес, әлі де тәуелсіздігіміз баянды болар, алайда бұл өзгерістерді талап ететін реформалардың қажеттігін көрсетеді. Ал бірлік болмаса Қазақ хандығы басқа елге бодан болады. Бұл да қазақ халқының тарихындағы жаңа кезең болмақ. Ресейге бодан болмаудың амалын Бұқар соғыстан емес, бейбіт жолмен халықты алысқа көшіріп әкетуден көреді. Көреген ақын Сырдариядан өтіп, сол жақта пана іздеуді ұсынады. Жауласқанның жағдайы мүшкіл. Онсыз да әлсіреген халықты тағы да соғысқа әзірлеу Бұқарды ызаландырады, қорқытады. Қандай болғанда да бұрынғыдай еркін өмір жоқ. Халық заман талабын ескеріп, отырықшылыққа көшу арқылы ғана өз мәдениетін, тілін, ділін, дінін сақтап қала алады:

«... Мынау жалған сұм дүние,
Өтпей қалмас деменіз.
Пұсырман болсаң кетіңіз,
Сырдарияның суынан
Көлденең кесіп өтіңіз,
Үш жыл малды ту сақтап,
Жиделі – Байсын жетіңіз.
Кісісі жүзге келмей өлмеген,
Қойлары екі қабат қоздаған,
Қатын – бала хақы үшін,
Солай таман жетіңіз» [8, 86 б.], –

дейді жырау.

Бұқар діндәр адам. Ол ислам дінін қазақ мәдениетінің ажырамас бөлігі деп қарастырады. Мемлекеттің дамып өркендеуі үшін дінді сақтап қалудың қаншалықты маңызды екендігін түсінген жырау, дінді уағыздайды. Яғни, ар-ождан мен дін бостандығы мәселесінде жыраудың позициясы айқын. Бұқар ислами мемлекет қағидасына ерекше мән береді. Мемлекет дамуында Бұқар белгілі бір дәрежеде модернизмді қолдаса, моральға деген көзқарасында толық дәстүрдің сақталу жағында. Әдет-ғұрып пен дәстүрге деген дұрыс көзқарас қана адамға толыққанды құқықтық мәдениет қалыптастырады. Адамды әдет-ғұрып рухында тәрбиелеу ғана оң нәтижеге жеткізеді. Тек әдет-ғұрып қана адамды адалдыққа, достыққа, татулыққа тәрбиелейді. Жалпы болашақ ұрпақтың тәрбиесі жырауды ерекше толғандырады. Жырау болашақ ұрпақ тәрбиесі ел болашағының кепілі екендігін түсініп, бұған жете мән берудің ерекше маңызды болатындығы, оның ұлттық қасиеттерге оң ықпал ететіндігі туралы айтады. Жалпы тұрақтылық үшін де, өркендеу үшін де адамның жеке қасиеттерінің қандай болуы керек деген сұраққа жырау өз жауабын беруге тырысады.

Жыраудың саяси-құқықтық ойларын түйіндер болсақ, дәстүршіл Бұқар шектеулі халықтық монархияны қолдайды. Отырықшылық мәдениетті халық бірлігі үшін маңызды деп санайды. Халықаралық саясатта бейбітшілік принциптерін ұстанатын жырау, мемлекеттердің өзара бейбіт өмірін армандағандығы белгілі. Халықшыл Бұқар, тек халық мүддесі қорғалатын мемлекет қана күшті бола алады дегенге саяды. Құқықтық жүйе үшін ең маңызды дәстүр мен әдет-ғұрып нормаларын сақтап қалу екендігін мойындайды ақын. Ел тәуелсіздігінің кілті – бірлікте деп біледі.

Әдебиеттер

- 1 Сегизбаев О.А. Казахская философия XV-начала XX века. – Алматы: Ғылым, 1996. – 472 с.
- 2 Әбдіғалиев Б.Б., Жамалов Қ.Ж., Сатершинов Б.М. Саяси ой тарихы. – Алматы: Үш қиян, 2003. – 280 бет.
- 3 Қазыбайұлы С. XV-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. (Жыраулар поэзиясы). – Ақтөбе: А-Полиграфия, 2004. – 296 бет.
- 4 Монтескье Ш.Л. Заңдар рухы туралы. – Алматы: Үш қиян, 2004. – 784 бет.
- 5 Қосымова Г. Қазақ шешендік өнерінің негіздері. – Алматы: Білім, 2003. – 260 бет.
- 6 Сарсембаев М.А. Международное право. – Алматы: Жеті жарғы, 1996. – 448 с.
- 7 Жеті ғасыр жырлайды. 2 томдық. Құрастырған: Е. Дүйсенбайұлы. – Алматы: Жазушы, 2004. – 1 том. – 400 бет.
- 8 Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. Хрестоматия. (Төртінші кітап). Құрастырған: М.Мағауин. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 176 бет.

References

- 1 Segizbayev O.A. Kazhaskaya phylosophya XV-nachala XX veka. – Almaty: Gylym, 1996. – 472 s.
- 2 Abdigaliyev B.B., Jamalov Kh. Zh., Satershinov B.M. Sayasi oi tarihi. – Almaty: Ush kiyany, 2003. – 280 bet.
- 3 Khazybaiuly S. XV-XIX gasyrdagy khazakh adebiyeti. (Zhyraular poeziyasy). – Aktobe: A-Polygraphya, 2004. – 296 bet.
- 4 Montesque Sh.L. Zangdar ruhy turaly. – Almaty: Ush khiyan, 2004. – 784 bet.
- 5 Khosymova G. Khazakh sheshendik onerining negizderi. – Almaty: Bilim, 2003. – 260 bet.
- 6 Sarsembayev M.A. Mezhdunarodnoe pravo. – Almaty: Zhety zhargy, 1996. – 448 s.
- 7 Zhety gasyr zhyrlaidy. 2 tomdykh. Khurastyrgan: E. Duysenbaiuly. – Almaty: Zhazushy, 2004. – 1 tom. – 400 bet.
- 8 Khazakh handigi dauirindegi adebiyet. Khrestomatiya. (Tortinshi kitap). Kurastyrgan: M.Magauin. – Almaty: Ana tili, 1993. – 176 bet.